

**Қ.Е. Ерғазы, Г.М. Атабаева**  
**ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ**  
**НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Тарихи ескерткіштерді қорғаудың негізі ол нормативтік-құқықтық база болып табылады. Түркістан және Отырар оазистерінің тарихи ескерткіштері қазақ халқының өткен дәуірлердегі материалдық және рухани өмірінің келбеті, еліміздің қалыптасуы мен дамуы және көп қырлы тарихының белгісін құрайды. Сол тарихи ескерткіштерді қорғау мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық бірлестіктердің басты міндеттерінің бірі болып саналады. Тарихи ескерткіштерді қорғау міндеттемелері ҚР Конституциясында, ҚР «Мәдениет туралы» заңында, ҚР «Жер кодексінде», ҚР «Қала құрылыс кодексінде», ҚР Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану ережелерінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті» деп көрсетіледі [1; 11б.]. Сондай-ақ, 2012 жылдың 6 қаңтарында қабылданған ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңында ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қауіптерінің бірі ретінде «ҚР халқының мәдени және рухани мұрасын жоғалту» деп көрсетіледі [2; 8б.].

Отырар және Түркістан оазистерінің тарихи ескерткіштерін қорғау іс-әрекеті 1992 жылдың 2 шілдесінде ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы»

заңы негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңға белгілі бір түзетулер енгізіліп, қазіргі уақытта қолданыста жүр [3]. Осы заңда, оның негізгі мақсат-міндеттері нақты, әрі анық айқындалады.

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңның 38-ші бабына сәйкес жылжымайтын тарихи-мәдени ескерткіштерді қиратуға, өзгертуге, алмастыруға қатаң тиым салынады. Ерекше жағдайда, табиғи апаттардың салдарынан тарихи-мәдени ескерткіш құндылығынан айырылған жағдайда ҚР Үкіметінің рұқсатымен тарихи-мәдени ескерткіш мемлекеттік тізімнен алынып тасталады [3]. Осы баптың негізінде

Түркістан оазисінің тарихи ескерткіштеріне ғылыми-реставрация және консервация жұмыстарын «Қазқайтажаңғырту» мемлекеттік мекемесінің 1999 жылы құрылған Түркістан

филиалының мамандары атқарады [4; 45 б.]. Отырар оазисінің тарихи-мәдени ескерткіштеріне ғылыми-реставрация және консервация жұмыстарын «Қазқайтажаңғырту»

мемлекеттік мекемесінің мамандары жүргізеді. Сонымен қатар, осы оазистердің тарихи ескерткіштеріне ғылыми-реставрация жүргізу барысында міндетті түрде ҚР Ғылым Академиясы Х.А.Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми-кеңесшілері қатысады.

2012 жылы жоғарыда айтылған 38-ші баптың негізінде ҚР Үкіметінің шешімімен Иқан ауылындағы XIX ғ. салынған мешіт жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің

тізімінен шығарылды [5]. Себебі, тарихи ескерткіш XX ғ. 80 жылдары жойылып кеткен, алайда бұл тарихи ескерткіштің сәулеттік сипаттасы 1994 ж. жарық көрген «Свод памятников истории и культуры Казахстана, Южно Казахстанская область» еңбегіне енді [6;

288б.]. ҚР Ғылым Академиясының жетекшілігімен ұйымдастырылған «Свод памятников истории и культуры Казахстана» экспедициясының ғалымдары 1986 жылы осы өңірлерде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мүмкін осы тарихи ескерткіш ол кезеңде болғанда шығар, алайда XX ғ. 80 жылдары жойылып кеткен тарихи ескерткіштің жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер тізімінен тек қана 2012 жылы шығарылғаны, өңір

мамандарының өз міндеттеріне салғырт қарайтындығын көрсетеді [5]. Болашақта мұндай қателіктерді болдырмас үшін, тарихи-мәдени ескерткіштерді түгендеуде немесе тізімін қайта

жасауда, олардың бар екендігін көзбен көріп, құжат негізінде дәлелденген соң ғана, ресми енгізу қажет деп ойлаймыз.

1994 жылы ҚР «Жекешелендіру туралы» заңы қабылданды [3]. Осы заң бойынша халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштер, археологиялық ескерткіштер,

тарихи-мәдени қорық музейлерінің қорғау аймағындағы ескерткіштер, 200 жылдық тарихы

бар ескерткіштер, қорымдар мен некропольдер жекешеленбейді. Алайда, «Жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерді жекешелендіру туралы» бұйрыққа сәйкес жергілікті маңызы бар тарихи ескерткіштер жекешеленіп, ерекше қорғау аймағындағы тарихи ескерткіштер мәдениет мекемелеріне беріледі. Сондай-ақ, осы мәселе ҚР «Мәдениет

туралы» заңы 34-ші бабының 4-ші тармақшасында «сәулет ескерткіштерін пайдаланудың басым құқығы мәдениет мекемелеріне тиесілі» деп, ескеріледі [3]. Сонымен қатар, ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңының 13-ші бабында

тарихи ескерткіштердің иелерінің міндеттері қарастырылады.

ҚР «Мәдениет туралы» заңының 11-ші бабының 2-ші тармақшасында «Азаматтар, тарихи және мәдени мұраны сақтауға қамқорлық, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи құндылықтарды қастерлеуге» міндетті деп, көрсетіледі [3]. Сондай-ақ, осы заңның 6-

шы бабында ҚР Үкіметі, уәкілетті органның, облыстың жергілікті атқарушы биліктің, 292

ауданның жергілікті атқарушы мекеменің тарихи ескерткіштерді қорғаудағы құзыреттері нақты айқындалады [3]. ҚР «Мәдениет туралы» және «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңдардың тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау құзыреттерінің анықтамасында оларды халықаралық, республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер деп, төрт топқа бөледі. Алайда, мемлекеттік тізімде тарихи-мәдени ескерткіштерді халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер деп, үшке бөліп топтастырады. Ал, облыстық дәрежедегі ескерткіштер санатқа

алынбайды. 2010 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі бекіткен мемлекеттік тарихи-мәдени ескерткіштер халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар болып жіктеледі. Аталған заңдардағы облыстық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер қандай объектілерге жататындығы құжатта нақты көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ның аясында тарихи-мәдени құндылықтарды қорғауға қатысты қабылданған барлық конвенцияларды қабылдайды. Қазіргі уақытта тарихи

және мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы халықаралық құқықтық актілер жүйесі жұмыс

жасайды. 1954 жылы қабылданған әскери қақтығыс кезеңінде тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау туралы Гаага конвенциясы алғашқы халықаралық келісім болып табылады [7; 130 б.]. Қазақстан Республикасы бұл Конвенцияға 1994 жылы қосылды [8; 300б.]. ЮНЕСКО Конвенциясының негізі мақсаты әлемдегі барлық елдердің мәдениет және

табиғат ескерткіштерінің әлемдік маңыздылығын анықтау деп көрсетіледі. Осы халықаралық

ұйым және еліміздің үкіметі арасындағы позитивті байланыс, олардың арасындағы өзара тиімді келісімдер негізінде қауіпті жағдайдағы тарихи ескерткіштер қайта жаңғыртылып,

келер ұрпақты өзінің келбетімен қатар, әсемдігімен қуантады деп сенеміз.

Тарихи ескерткіштерді қорғау мәселелері 2003 жылы қабылданған ҚР «Жер кодексінде» қамтылады [3]. Осы кодекстің 65-ші бабында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану жөніндегі міндеттері қарастырылады [3]. Сондай-ақ, ҚР «Жер кодексінің» 127-ші бабы «Тарихи мақсаттағы жер» деп, аталады. Осы бапта тарихи мақсаттағы жердің негізгі мақсаты мен міндеттері айқындалады. Мәселен,

2011 жылы ҚР Үкіметі №735 қаулысымен Түркістан қаласының бас жоспарының қаулысы қабылданды [9]. Осы қаулыда тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының шекарасы жергілікті өкілетті ұйымның немесе мәслихаттың ұсынуы бойынша бекітіледі. Түркістан қаласының жаңа бас жоспарында қаланың тарихи ескерткіштерін қорғау аймақтарының шекарасы және оларды сақтау режимдері қарастырылады. Болашақта осы мәселелер Түркістан қаласы аудандарының сәулеттік құрылымын жалпы жобалауда және қаланың тарихи бөлігін регенерациялауға негіз болады. Түркістан қаласының қорғау аймақтарына ортағасырлық Түркістан қаласы, Әулие Құмшық Ата хылуеті, Әл-Қожа Ата кесенесі, Гауһар ана кешені, ХІХ ғасырдың соңы-ХХ ғасырдың басы аралығын қамтитын тарихи және сәулеттік ескерткіштердің тобы, Шойтөбе кешені, Бала-би, Тамабай мазары және оның жанындағы некрополь, I-IV ғғ. Суюри қала жұрты археологиялық ескерткіші, ХХ

ғ. басы-ХХғ. 30 жылдары аралығын қамтитын темір жол кешенінің сәулеттік және қала құрылысы ескерткіштері, Шаға, Ортақ, Шоймолла қала жұрттары жатады. Ортағасырлық Түркістан қаласының ескерткіштерінің аумағынан тыс жерлерде егер әлеуметтік құрылыстар

жүргізілсе, онда ол 50 метр қашықтықтан әрі қарай жүргізілуі тиіс [9]. Қорғау аймақтарының шекарасын анықтау арқылы тарихи ескерткіштер алуан түрлі қоғамдық факторлардан қорғалады, сонда тарихи үйлесімді композиция туындайды. Әлемдік мұралар тізіміне енген Қ.А.Ясауи кесенесінің қорғау аймағында ерекше сақтау режимі белгіленген. Тарихи ескерткіштің аймағында ғылыми-реставрация және консервация

жұмыстары, көгалдандыру, абаттандыру және музей аудиториясына ыңғайлы жол салу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, осы тарихи ескерткіштің тарихи құндылығын баяндау мазмұнындағы витриналар мен стендтар қойылады. Енді бір ескертін мынандай мәселе бар, бұл тарихи ескерткіштің айналасында қандай да бір заманауи жарнамалық лэд экрандарды, сауда орталықтарын, ескерткішке мүлдем қатысы жоқ жарнама және ақпараттық афишаларды орналастыруға тиым салынады [10; 9-10 бб.].

293

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймағының шекарасын белгілеуде ҚР «Жер кодексінің» 127-ші бабымен қатар, ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңның негізінде, 2011 жылы ҚР Үкіметі бекіткен «Тарихи-мәдени мұра

объектілерін қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың қағидалары және оларды пайдалану режимі» болып табылады [3]. Тарихи ескерткіштерді қорғау, оның көркемдік композициясын үйлестіру үшін оны қоршаған аймақты белгілі бір мөлшерде сәйкестендіру қажет болып табылады. Археологиялық ескерткіш, оның шекарасына топталған ескерткіштерде – шеткі орналасқан объектінің сыртқы шекарасынан 50 метр болатын қорғау аймағымен қоршалады.

Әр бір адамға археологиялық ескерткішті көзбен шолуға мүмкіндік жасай отырып, оны қорғау аймағының радиусы нысанның ортасынан 200 метрге дейін болуға тиісті» деп, көрсетіледі [9]. Ал тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймағы қорғау белгілері, жыртылған жер немесе қоршаулар, немесе олардың шекара сызықтарының бойына бұталар

отырғызу арқылы белгіленеді. Тарихи-мәдени мұра объектілердің төрт жағынан объектінің ресми атауы, оның қорғау аймағының ауданы көрсетілген арнайы қорғау белгілері орнатылады [9]. Осы ресми құжат негізінде қорғау режимге сәйкес Түркістан және Отырар оазистерінің тарихи ескерткіштеріне қорғау белгілері қойылды. Мәселен, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің мамандары 2010 жылы осы қорық музей құрамындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің арнайы қорғау белгілерін жаңарту шараларын атқарды [11; 24б.].

1994 жылы ҚР Жоғарғы кеңесі «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-мәдени ескерткіштерін сақтау, реставрациялау және музейлендіру шараларын жақсарту туралы» шешім қабылдады. 2003 жылы Әлемдік Мұралар Комитеті Қ.А.Ясауи кесенесінің қорғау аймағында, осы тарихи-мәдени ескерткіштен биік ғимараттардың пайда болмауы үшін, аймақтағы барлық құрылыс жұмыстарына арнайы қатаң бақылау жүргізуді ұсынды [10; 7б.].

Сондықтан, Түркістан қаласының әкімшілігі мен қорық музей қызметкерлері осы шешім мен ұсынысты үнемі ескеріп отырады.

Егер тарихи ескерткіштерге байланысты заң бұзушылықтар «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі және Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейлерінің

қорғау аймағында байқалған жағдайда, осы қорық музейлердің әкімшілігі ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» заңының 130-шы бабын қолданады [12; 135 б.].

Тарихи ескерткіштерді қорғау жұмысы заңмен ғана шектелмейді, сонымен қатар, бұл қызметтер жергілікті әкімшілік пен музей мамандары мен мемлекеттік тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мекеме қызметкерлерінің кең масштабта ұйымдасып атқаратын іс-әрекетінің негізгі арқауы болып саналады.

Сондықтан тарихи-мәдени мұра – бұл мәңгі сарқылмайтын әлеуметтік-экономикалық объекті болумен қатар, еліміздің рухани және мәдени капиталы болып табылады. Тарихи-мәдени мұра - білім, ғылым және мәдениет категорияларын нәрлендіреді, оны жоғалту ұлт үшін орны толмас қасырет болып саналады. Тарихи-мәдени құндылықтан айырылудың салдары қазіргі және болашақ ұрпақтың барлық өмір-тіршілік жүйесіне кері әсер етеді. Сондай-ақ, бұл үрдіс халықтың рухани әлсізденуі мен тарихи танымының құлдырауына, бастысы ұлттық бірліктің жойылуына әкеледі. Еш бір заманауи технологиялар мен қайта жаңғыртылған туындылар оларды алмастыра алмайды. Сол себепті, тарихи ескерткіштерді

қорғау және сақтау мәселелерін нақты бір нормативтік-құқықтық жүйеге топтастырып, Қазақстанның болашақ өркениет дамуының жаңа сатысының негізін құруға болады.

---

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, «Юрист», 2013. 39 б.

2. Казахстанская правда – 2012. №19-20.

3. <http://www.zakon.kz>

4. Тұяқбаев Қ. Реставрация – жаңғырту өнері. – Алматы, 2007., 68 б.

5. <http://www.ontustik.gov.kz>

6. Свод памятников истории и культуры Казахстана, Южно Казахстанская область. - Алматы, 1994.

294

7. Нормативные и практические меры по охране культуры. Справочник ЮНЕСКО. – Алматы, 2009.

324с.

8. Мартыненко И.Э. *Международная и национальные правовые системы охраны историко-культурного наследия государств-участников СНГ: учеб. пособие / И.Э. Мартыненко. – Москва: Зерцало-М. – 2012. – 943с.*
9. <http://www.turakimat.kz>
10. *Изучение и сохранение культурного наследия РК. Сборник статей. Вып.1/ НИПФ РГП «Казреставрация». - Алматы: Паритет, 2012. – 152с.*
11. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі. *Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімінің 2012 жылы атқарған жұмыстарының есебі. 28 б.*
12. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің ресми мәтіні. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 672б.

АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ  
АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОЛОГИИ И АНТРОПОЛОГИИ

---

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған  
«АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР  
САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ» атты  
«VI Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

25 сәуір 2014 жыл

MATERIALS

of the International Scientific and Theoretical Conference

«VI Orazbayev readings» on the theme:

«PROBLEMS OF CONTINUITY OF CULTURES

IN ARCHEOLOGY AND ETHNOLOGY»

dedicated to the 80<sup>th</sup> anniversary of al-Farabi Kazakh National University

April 26, 2014

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

«VI Оразбаевские чтения» по теме

«ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ КУЛЬТУР

В АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ»,

приуроченной к 80-летию КазНУ имени аль-Фараби

25 апреля 2014 г.

Алматы

«Қазақ университеті»

2014

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

**ISBN 978-601-04-0498-4**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған «VI Оразбаев оқулары»

халықаралық ғы-

лыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан археологиясы мен

этнологиясының бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген.

Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

В сборник материалов международной научно-практической конференции «VI Оразбаевских чтений», приуроченной к 80-летию КазНУ имени аль-Фараби, вошли актуальные исследования, посвященные современным проблемам археологии и этнологии Казахстана. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам и широкой общественности.

ISBN 978-601-04-0498-4 © Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014